

Қазақстан Республикасы Президентінің республика мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 12 қыркүйек N 1862. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.01.23. N 2791 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық өкілеттігін жүзеге асыруды қамтамасыз ету және мемлекет басшысының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы тетігін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті реформаларды терендету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде еліміздің экономикасын ағымдағы басқаруды, шаруашылық қатынастарды реттеуді және шұғыл мәселелерді шешуді дербес қамтамасыз етіп, қабылданған шешімдер мен шаралардың сапасы және тиімділігі үшін толық жауап береді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен және тікелей қатысуымен Үкімет тек қана нарықтық өзгерістерді жүзеге асыру және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды мәселелерін шешеді.

2. Мемлекет басшысы және республика азаматтарының құқығы мен бостандығының, Конституциясының және зандарының сақталуының кепілі ретінде Қазақстан Республикасының Президентін:

Премьер-министр - Үкіметтің жұмысы туралы;

Ұлттық банк төрағасы - Ұлттық банктің жұмысы туралы;

Жоғарғы сот, Жоғары Төрелік Сот төрағалары - елімізде азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, Конституцияның ұstemдігін, зандылық пен әділеттікті қамтамасыз ету жөніндегі соттардың жұмысы туралы;

Бас прокурор - Қазақстан Республикасының аумағында зандардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі прокуратура органдарының жұмысы туралы ұдайы хабардар етуі практикаға енгізілсін.

3. Ұлттық банктің, соттар мен прокуратура органдарының Министрлер Кабинетімен өзара іс-қимылы, сондай-ақ Ұлттық банк, соттар мен прокуратура органдарының қызметтің қамтамасыз ету мәселелерін шешу, егер бұл мәселелер республика зандарымен реттелмеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мемлекеттік басқару

және экономиканы реттеу саласында дербестігі ұлғауына байланысты:

министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, жергілікті әкімдер қойған ағымдағы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды қарауға және шешуге Президенттің қатысуы, егер Қазақстан Республикасы Президентінің өзгедей шешімі болмаған жағдайда, оларды республика Министрлер Кабинеті алдын-ала қарағаннан кейін ғана және оның ұсынуы бойынша жүзеге асырылады;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардан, жергілікті әкімдерден, кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан Президенттің атына келіп түсетін мемлекеттік басқарудың ағымдағы мәселелері жөніндегі немесе өндірістік шаруашылық сипаттағы өтініштер мен ұсыныстары бар хаттарды және құжаттарды Президент Аппараты, әдетте, республика Президентіне баяндамастан, Министрлер Кабинетіне немесе тиесілігіне қарай езге де мемлекеттік органдарға жіберетін;

еліміздің ішкі және сыртқы саясатының, әлеуметтік-экономикалық өмірінің жекелеген мәселелері жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей орталық және жергілікті атқарушы өкімет органдары табыс ете алатын болып көзделсін.

5. Мыналармен келісуге жататын тәртіп белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Президентімен - Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары Президенттің өкілеттігіне жатқызған мәселелерді қозғайтын, Министрлер Кабинетінің Заң шығару бастамашылығы жоспары мен Заң жобалары жұмысының жоспары, сондай-ақ Министрлер Кабинетінің, Жоғарғы Соттың, Жоғары Төрелік Соттың заң шығару бастамашылығы тәртібімен әзірленген заң жобалары;

Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратымен - Президенттің актілерімен шығарылуы көзделген Министрлер Кабинеті қаулыларының жобалары, Президенттің төрағалығымен өткізілген Үкімет мәжілістерінде қаралған шешімдердің жобалары, сондай-ақ Президенттің актілерімен құрылған орталық мемлекеттік басқару органдары туралы ережелердің жобалары;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен Президент Жоғарғы Кеңеске енгізетін және Үкіметтің құзырына жатқызылған мәселелерді қозғайтын заң жобалары;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Жоғары Төрелік Сотымен - Президент Жоғарғы Кеңеске енгізетін және Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі мен өкілеттігін қозғайтын заң жобалары.

Экономикалық және құқықтық реформалардың, халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, ал қажет

болған жағдайда Ұлттық банкінің, сот органдарының және Бас прокуратурасының міндettі түрде қатысуымен өзірленеді.

6. Осы Жарлықтың 5 тармағында көрсетілген келісіу және ұсынылатын құжаттардың жобасы бойынша қорытынды өзірлеу, егер басқаша мерзімдер ескертілмеген болса, оның келіп түскен күнінен бастап екі апта мерзімнен асырмай орындалады.

7. Қазақстан Республикасының Президентін еліміздегі істің жай күйі туралы уақтылы әрі толық хабарлап отыруды қамтамасыз ету үшін Президенттің Аппаратына Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасынан, министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан және Ұлттық банктен, жергілікті әкімдерден қажетті ақпарат алу, сондай-ақ оларға орындалуға міндettі тапсырмалар жүктеу құқығы берілсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті мен оның Төралқасының мәжілістерінде Президент Аппаратының Басшысы, оның орынбасарлары, мемлекеттік кеңесшілер, Президент Аппаратының құрылымдық бөлімдерінің басшылары кеңесші дауыспен қатысуы мүмкін екені көзделетін болын.

9. Президент Аппаратының Басшысы Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының іс жүргізу нормаларымен қатар Президент актілері дайындауды, келісуді, қол қоюға ұсынуды, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды ұйымдастыруды көздейтін жұмыс регламентін бір ай мерзімде өзірлесін және бекітуге табыс етсін.

10. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы

Жарлықтың қағидаларын ескере отырып Іс Басқармасының қызметін ұйымдастыру және Министрлер Кабинетінің шешімдерін өзірлеу тәртібін анықтайтын Іс Басқармасының жұмыс регламенті мен басқа да нормативтік құжаттарды дайынdap, бекітсін.

11. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысына жүктелсін.

12. Бұл Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК